

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 27-Ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Орталық атқарушы органдар Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 16 ақпандағы

N 27-Ө өкімімен бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімдердің атауы	Кесімнің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	Арнайы экономикалық аймақтар аумағында сатылатын, оларды құру мақсатына сай келетін қызмет түрлерін арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асыру процесінде тұтынылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И С М (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ	2006 жылғы ақпан
2	Акцизделетін тауарлардың түрлерінің жекелеген тізбесін	Қазақстан Республикасы	Қаржымині	

	және жиынтық төлем ставкаларын бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы		2006 жылғы ақпан
3	"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына сай келетін қызмет түрлері бойынша өзі өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау), Қаржымині, Э Б Ж М	2006 жылғы ақпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК